

Астана қаласында Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің Басшылары кеңесінің мерейтойлық отырысын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 9 маусымдағы № 80-ө
Өкімі

Астана қаласында 2011 жылғы 14 – 15 маусымда Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің Басшылары кеңесінің мерейтойлық отырысын (бұдан әрі – ШЫҰ МБК) дайындау және жоғары деңгейде өткізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ШЫҰ МБК отырысын дайындау және өткізу бойынша протоколдық-ұйымдастырушылық іс-шараларды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):

1) осы өкімнің қосымшасына сәйкес ресми делегациялардың басшылары мен м ү ш е л е р і н е :

Қытай Халық Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының, Өзбекстан Республикасының (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) ресми делегацияларының басшылары мен мүшелеріне – «1+10» ;

Иран Ислам Республикасының, Үндістан Республикасының, Пәкістан Ислам Республикасының, Моңғолияның (бұдан әрі – байқаушы мемлекеттер) ресми делегацияларының басшылары мен мүшелеріне – «1+10»;

Ауғанстан Ислам Республикасының ресми делегациясының басшысы мен м ү ш е л е р і н е – « 1 + 1 0 » ;

ШЫҰ Хатшылығының және Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы Атқарушы комитетінің (бұдан әрі – тұрақты жұмыс істейтін органдар) ресми делегацияларының басшылары мен мүшелеріне – «1+3» ;

халықаралық ұйымдардың ресми делегацияларының басшылары мен мүшелеріне – «1+3» форматы бойынша қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастырушылық шараларды қ а б ы л д а с ы н ;

2) 2011 жылғы 14-16 маусым кезеңінде:

осы тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген мүше мемлекеттердің ресми делегацияларының басшылары мен мүшелеріне – «1+3» ф о р м а т ы б о й ы н ш а ;

осы тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген байқаушы мемлекеттердің ресми делегацияларының басшылары мен мүшелерін – «1+3»;

Ауғанстан Ислам Республикасының ресми делегацияларының басшылары мен

м ү ш е л е р і н – « 1 + 1 » ;

осы тармақтың 1) тармақшасының бесінші абзацында көрсетілген ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органдарының ресми делегацияларының басшылары мен мүшелерін «1+1» форматы бойынша;

осы тармақтың 1) тармақшасының алтыншы абзацында көрсетілген халықаралық ұйымдардың ресми делегациялар басшыларын «1 (басшы)» форматы бойынша;

Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана қаласының қонақ үйлерінде орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) делегация басшылары жұбайларымен келген жағдайда, осы тармақтың 1), 2) тармақшасында көрсетілген форматтарды делегация басшыларының жұбайларын оларға қосымша енгізуді ескере отырып, түзетсін;

4) ШЫҰ МБК отырысын өткізуге арналған шығыстарды 2011 жылға арналған республикалық бюджетте 001 «Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету» және 003 «Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы» бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ШЫҰ МБК отырысына қатысушылардың Астана және Алматы қалаларының әуежайларында, тұру және бару орындарында қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақтарды күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген тәртіппен :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, осы өкімнің 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген делегациялар басшыларының арнайы ұшақтарының ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайында ұшақтардың қонуын және ұшып шығуын; арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі салтанатты концерт ұйымдастырсын және өткізсін.

6. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарында ШЫҰ МБК отырысын жария ету бойынша жұмыстың үйлестірілуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кеден бақылау комитеті ШЫҰ МБК отырысына қатысушыларды тексеріп қараудың және ШЫҰ МБК отырысы шеңберінде пайдалануға арналған жүктерді (тауарлар, бұйымдар, экспонаттар, жабдықтар)

әкелудің жеңілдетілген рәсімдерін қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) ШЫҰ МБК отырысына келетін қатысушылар үшін Астана және Алматы қалаларының әуежайларындағы шекаралық бекеттерде паспорттық бақылаудың жеңілдетілген рәсімдерін («Бүркіт» жүйесінде суретке түсірмей) ұйымдастыруда жәрдем көрсетсін.

9. Астана қаласының әкімдігі, Астана қаласының әуежайында ШЫҰ МБК отырысына қатысушылардың ресми делегацияларын қарсы алу және шығарып салу, әуежайды және көшелерді безендіру, мәдени бағдарлама ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шараларды орындауды қамтамасыз етсін және «қосымша» бағыттар ұйымдастыру үшін автокөлік (автобустар, микроавтобустар) ұсынсын;

2011 жылғы 14 маусымда ШЫҰ құрылуының 10 жылдығына арналған мерекелік фейерверк (ұзақтығы – 10 минут) ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

10. Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ұсынатын тізімге сәйкес ШЫҰ МБК отырысына қатысушыларды күтіп алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шараларының орындалуын қамтамасыз ету үшін Астана және Алматы қалалары әуежайларының VIP-залдарын ақысыз негізде ұсынсын.

11. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) осы өкімнің 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген делегациялар басшыларын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу ресми рәсімдеріне қатыссын.

12. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

9

м а у с ы м д а ғ ы

№

8 0 - ө

ө к і м і н е

қосымша

Астана қаласында Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің Басшылары кеңесінің мерейтойлық отырысы уақытында ресми делегациялардың басшылары мен мүшелерін қамтамасыз ету және қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Астана қаласының әуежайында шай үстелдерін ұйымдастыру және гүлмен б е з е н д і р у .

2. Ресми делегациялардың басшылары мен мүшелері үшін тамақтандыруды (кофе-брейктер, фуршеттер, аперитивтер), Қазақстан Республикасының Президенті атынан қабылдаулар (таңғы ас, түскі ас, кешкі ас), сондай-ақ Қазақстан

Республикасының Президенті атынан қабылдауларда техникалық үстелдер ұйымдастыру.

3. Баспа бұйымдарын дайындау.

4. Ресми делегациялардың басшылары үшін сыйлықтар және кәдесыйлар сатып алу.

5. Қазақстан Республикасының Президенті атынан іс-шараларды өткізу орындарын гүлмен безендіру.

6. Ресми делегациялардың басшылары мен мүшелеріне көліктік қызмет көрсету.

7. Ресми делегациялардың басшылары мен мүшелеріне медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК